

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**

# БҰЛТСЫЗ КҮНГІ НАЙЗАҒАЙ

Сүлеймен ШАТҒАН,  
жанұялық досы

Мюнхен қаласы.

Біздің атакүлдікке деген аңсарымыз әке мен ананың әсерлі әңгімесінен кейін көкіректе бұр атқан ұлы сағыныштан оянған. Иранда дүниеге келіп, Түркияда тұрып, Германияда қалыптасқан қазақ үшін туған жердің топырағын басу орындалмас қиял, қол жетпес арман болатын. Одақтың шаңырағы ортасына түседі деп кім ойлаған? Алғаш Алматы қаласына аяқ басқанда Алаштың сөзін ұстаған зиялы қауыммен танысуға ынтық болуым — өзімді табудың тура жолын іздегендіктен еді. Әрине, бәрі бірдей көңілден шықпаса да, шындық деп шырылдаған алашымның шөлін басқандай болдым. Өзімнің бір атадан тарайтын бауырларымды табуым арқылы танымым кеңейді. Құлсары қаласында тұратын ағам Бүркіт Базарбаев бірде өзінің досы жазушы — драматург Рахымжан Отарбаев туралы сыр шерткені бар және Рахымжан ағанын хабарласатынын айтты. Кейін қаламгердің өзі қоңыраулатты. Бұл оның абыройының аспандап тұрған кезі екен. Жолыққанда шығармаларын неміс тілінде жариялауға талпынысы бар екенін құллаққағыс етті. Қолымнан келгенше мүмкіндігімнің шеңберінде көмектесуге уәде еттім. Рахымжан ағаның Бішкек (Қырғызстан) қаласында өтетін театр фестиваліне шақырылып, Алаштың айбынды азаматтарымен қатарласа, иық тірестіре отыру құрметіне ие болдым. Енді ол мені өзінің шаңырағында өтетін қуаныштарынан да қалдырмауға айналды. Мен де Қазақстан десе жүрегім алып-ұшып шақырту күтіп отыратын дертке ұшырадым. Сөйтіп, Бүркіт ағамның досына деген арзу ниеті маған ауысты.

Ол Германияға сапарлап келгенде он бес күн жанында жүрдім. Әрі гидпін, әрі тілмашпын, әрі інімін. Мюнхен қаласында үйімде болып Динайдың сүт қатқан қазақы қою шайын сүйсіне ішкен. Қолына қалтателефонын алып, Құлсарыдағы досына Бүркіт ағама қоңыраулатқан.

— Досым сен сөз жоқ жақсы жігітсің, бірақ, мына Сүлеймен ініңнің қолына су құя алмайсың. Елге барған соң осы азаматқа бір жақсылық жасауым керек. Келесі жылы мен асқарлы алпыс жасқа толатын едім, — деді. Жомарт жүрек жайсаң жан уәдесінде тұрды. 2017 жылы қыркүйекте Атырау қаласындағы М. Өтемісов атындағы драматеатрда оның мерейтойым аталып өтті. Сахнада Динай екеуіміз ерекше сезімді бастан кешіп ертегілер еліне еніп кеткендей оң мен түстің арасында отырмыз. Саңқылдан құлақ тұнады, жар қиядан көз қарығады. Алғашқы болып



саханаға көтерілген Рахымжан ағам келеге түсер бурадай буырқанып сөйлеп бір кетті дейсің. Оқығаны көп, тоқығаны мол екен. Бүкіл ғұмырым көз алдымнан өтті. Сөз құдыреті деген осы болар.

Сөйтіп, Сәуле жеңгеміз екеуі менің ағайыннан артық қимасымдай қымбат жандарға айналды. Өзінің шығармашылық жоспарларымен бөлісетін. Мақсаты ұшан - теңіз еді. Ұмытпасам «Ақырзаман» атты романын толғатып жүрген. Сол жылы кіші ұлым Абай шаңырақ көтеретін болып, Рахымжан аға әулетіне шақыру жібердім. Қатты қуанды. Тойға қатысуға ерте қамдана бастаған... Бұлтсыз күні де найзағай ойнайды екен. Тіпті тосын хабар еді. Ол өмірден өтті дегенде сене алмадым. Бүркіт ағамда қоңыраулатып, қаралы жайды баян етті. Ең болмаса қабіріне бір уыс топырақ салайын деп, рухына дұға бағыштайын деп анау Алманиядан алқына жеттім. Ағадан айырылып қалыппыз. Сәуле жеңгемді жұбаттым. Ермерейдің маңдайынан сипадым. Басқа қолымнан не келеді. Рахымжан ағаның шығармашылығын талдауды әдебиетшілер еншісіне қалдырдым. Ал мен аз ғана уақытта туған ағамдай болған азаматтың ерекше болмыс иесі екенін айту парызым деп санадым.

Өзі өмірден озған соң оның сөзі болашаққа бет алды. Қолжазба күйінде қалған кітаптары шет елдерде басылып жатыр. «Қызданайдың қырғыны» романы жарық көрді. Ол мен үшін аға болып қалады. Бар болғаны төрт айдай ғана үлкен еді. Жатқан жері жарық, топырағы мамық болғай, пейіштің төрінде шалқығай. Алаштың арын ұстаған арыс азаматы!